**"Түркістанэнерго" ашық акционерлік қоғамының мүлкіне тыйым салудың негіздемелерін тексеру жөнінде комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 5 шілде N 94-ө

"Түркістанэнерго" ашық акционерлік қоғамының мүлкіне тыйым салудың негізділігін тексеру мақсатында:

1. Мына құрамда комиссия құрылсын:

Әбілғазин Данияр Рүстемұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі - Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы, комиссияның төрағасы

Ульрих Эрик Гукович - "KEGOC" ААҚ Өндірістік-технологиялық қамтамасыз ету департаментінің директоры (келісім бойынша)

Дінмұхаммедов Төремұрат Едашұлы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Соттардың қызметін ұйымдастыру департаменті директорының орынбасары

Сүтемгенова Жанат Қарақызы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Заң бөлімінің сектор меңгерушісі

2. Комиссия 1999 жылғы 10 шілдеге дейінгі мерзімде Оңтүстік Қазақстан облыстық соты сот атқарушыларының "Түркістанэнерго" ашық акционерлік қоғамының мүлкіне тыйым салуының негізділігі туралы мәселені қарасын және Үкіметке ұсыныс енгізсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.
Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК